

Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ – Түрік Университеті



Қабылдаған: Хабибуллаева Ш.Б
Орындағандар: Абділла Е Бахрам Ә
Дүйсенбек А Жақсылық Е
Жанұзақова А Ибодуллаев Ю Кидирова Д

Топ: СТК -330



Тақырыбы: Этил спирті. Алкоголизмнің
әлеуметтік мәселелері.



Жоспар:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. Этил спирті

2. Фармакологиялық қасиеттері

3. Алкоголизмнің әлеументтік
мәселелері

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

- **Сабақтың мақсаты:**
- **Этил спирті туралы түсінік қалыптастыру, ойымызды ашық жеткізу**

- Кіріспе

Өмір өлшемі — салауаттық, салауаттық — өмір заңы. Салауатты өмір сүрмей тұрып, өміріңе қажетті нәрсені ала алмайсың. Адам баласының жарасымды тұрмыс құрып, үйлесімді дамуы үшін біздің елде барлық жағдай жасалған. Өнердің, спорттың сан-салалы түрімен айналысуға болады ғой. Олардың қайсысынан болса да жан дүниені ләззат тауып, сезіміңе әдемі түйсік алады емессің бе? Одан өмірің мәнді, мазмұнды бола түседі емес пе?

Олай болса, арақсыз, есірткісіз, темекісіз әрі мазмұнды, әрі сәнді өмір сүруге болады. Алдамшы құмарлықтан бас тартып, өзін-өзі билей білу — адам бойындағы ізгі қасиет, үлкен парасаттылық.

Бір сәттік құлқынның қызығы үшін көмейге қылғытатын арақтың басты қасіреті — адам денсаулығын күйретуі. Зерттеулер көрсеткендей, кең көлемде жүргізілген насихатқа қарамастан, жұрттың басым бөлігінің алкогольге тәуелділіктің қалыптасу заңдылықтары жөнінде нақты түсінігі болмай шыққан. Өкінішке орай, жұртшылықта «көпшілік орындарда алкогольді аздап, «мәдениетті» пайдалану маскүнемдік дертіне шалдықтырмайды, бұл өз мүмкіндігін және арақ іше білмейтін адамдардың үлесіндегі жағдай» — деген жалған түсінік қалыптасқан.

Алкогольдің өсер ұрпақ үшін зор зияны бар екендігі ертеден-ақ белгілі болған. Ерте ғасырдағы Рим заңдарында алкоголь ішімдіктерін 30 жасқа толмаған жастарға ішуге рұқсат берілмегендігі бекер емес, себебі бұл уақытта жастардың дүниеге ұрпақ әкелу құбылысының қарқынды жүретін уақыты. Көне Грекияда да 18 жасқа дейінгілерге «ащы су» ішуге тосқауыл қойған. Ресейдегі ертеден келе жатқан құжаттарда жаңадан отау тіккен жастарға ішімдік ішуге тыйым салынған. Франция елінде арақ ішкіш ата-аналардан туған әлсіз балаларға арналған «жексенбі күнгі балалар» немесе «көңілді кештің баласы» деген кекесінді атау бар.

Этил спирті

Этил спирті орталық жүйке жүйесіне күйзелту әсерін тигізетін наркотикалық типтегі үйреншікті зат болып саналады, айта кетері ол бәсеңдейтін әсерде күйзелтеді және ол үш негізгі сатыда көрінеді: «қозу» сатысы, кейін наркоз сатысы және үлкен мөлшерде қабылдағанда - агоналды сатысы.

«Қозу» сатысы – бас миындағы тежегіш механизмдерін тежеу нәтижесіне жатады. Бұл кезде эйфория, көңіл күйдің жоғарылауы, адам тым ашылып, көп сөйлейді, адамның тәртібі бірден өзгереді, өзін өзі бақылауы төмендейді, күдіктену, сақтық, сыншылдық өзіне сын баға жасау, барабар баға беру тәрізді мінез-қылығындағы ерекшеліктері жойылады. Көңіл-күйі тұрақсызданады, эмоциялық бейжайлық немесе ашушандықтар орын алады. Қанда этил спиртінің құнарлығы жоғарылағанда анальгезия, ұйқышылды, есінен айырылу белгілері туады. Міне наркоз сатысы осылай туады да жылдам арада агоналды сатыға ауысады.

Әсер етуінің қысқа аралығы мен қозу сатысының айқын көріністерінің өтуі этил спиртінің наркоз заттары ретінде қолдануға негіз бермейді. Алкогольді жиі пайдаланғанда психикалық және физикалық тәуелділік туындайды. Алкогольге жол жабылып тасталғанда маскүнемдік психоз дамиды, осы кезде транквилизаторлар, ноотроптар, нейрорептиктиктер емдік әсер береді. Алкогольге тәуелділікті емдеуді салауатты өмір салтын ұстануға нұсқама беру арқылы психотерапевтер жүргізеді. Дисульфирам көмегімен алкогольге деген кері рефлекс тудыруға болады. Дисульфирам ацетальдегид сатысында этанолдың тотығуын тежейді, ал этанол жинақталуы қорқыныш, үрейлену, жүрек тұсындағы ауырсыну, гипотензия, құсу т.б. сезімдерді тудырады. Созылмалы улану кездерінде невриттер мен полиневриттер дамуы мүмкін.

Қолдану көрсеткіштері мен мөлшерленуі. Антисептик және уытсыздандырушы зат ретінде, сондай-ақ, тұндырмалар, сығынды дәрілік заттар дайындау үшін қолданылады; сырттай қолдану үшін — ысқылау, компресстер. Сыртқа – теріге мақта тампондарымен, сүрткі қағаздары түрінде, солар арқылы жағады. Компресс үшін (күйіп қалуын болдырмау мақсатында) этанолды 1:1 қатынасында сумен араластыру керек.

Кері көрсеткіштері. Жоғары сезімталдық.

Жанама әсерлері. Орталық жүйке жүйесін тежейді (резорбтивті ықпал).

Шығарылу түрі. 95% этил спирті. Құрамында көлемі бойынша 95-96% этил спирті бар спирт пен судың қоспасы. 90% этил спирті. Этил спиртінің 95% (92,7 бөлігі) сумен (7,3 бөлігі) қоспасы. 70% этил спирті. 95% этил спиртінің (67,5 бөлігі) сумен (32,5 бөлігі) қоспасы. 40% этил спирті. 95% этил спиртінің (36 бөлігі) сумен (64 бөлігі) қоспасы.

Рецепт үлгісі. Rp.: Spiritus aethylici 70% – 100 ml
D.S. Операциялық орынды тазалау, қолды жуу үшін.

Фармакологиялық қасиеттері

Этанолдың жергілікті және рефлекторлық әсері оның тітіркендіргіш, тұтқырлағыш және антисептикалық әсерлері арқылы білінеді. Оның тітіркендіргіш әсері майда тез еритіндіктен тері астына терең еніп, ондағы жүйке талшықтарының сезімтал нүктесіне әсер етеді, сонымен қатар ашытып дызылдатып, теріні қызартады. Тыныс алу жүйесіне суық тиіп ауырғанда, этил спиртінің 40% ерітіндісін қолдану, оның кеуде тұсы терісіне тітіркендіргіш әсер етіп, доминантты ошақ тудырып, жөтел рефлексін төмендетеді. Мұнымен бірге сегментарлық трофикалық рефлекс механизмі (жұлынның синаптикалық орталығында тұйықталатын) арқылы өкпе тіндері мен бронхтарда қан айналуы өзгереді. Осылардың салдарынан қабыну реакциялары басылып, өкпенің бронхиальді жолымен желденуі жақсарады. Тері жабындысына этил спиртінің қаныққан ерітіндісінің (70% және 90%) әсер етуінің арқасында терінің тұтқырлағыш қасиеті артып, оның ақуыздары денатурацияға ұшырайды. Спирттің илегіш әрекеті терінің сезімталдығын кемітіп, тер бөлінуін азайтады, осы арқылы ауырғандықты және қышынууды басады.

Антисептикалық әсер микробты жасушада цитоплазмалық және мембрандық ақуыздардың денатурацияға ұшырауына байланысты. Этанолға ең сезімтал флора - бактериялар. Препараттың бактерицидті әсер ету үшін ең қолайлы қанығу деңгейі 70%. Бұдан жоғарғы деңгейдегі концентрацияда спирт тіндердің тұтқырлығын ұлғайтып, таралуын қиындатады



Алкоголизм

- Алкоголь зәр бөлінуін күшейтеді, бұл АДГ (антидиуретикалық гормон) өндірілуінің күйзеліске ұшырауынан, бүйрек түтікшелерінің су реабсорбциясының төмендеуінің салдарынан байқалатын көрініс.
- Күші төмен алкоголь ішімдіктері (10% дейінгі) тұз қышқылы секрециясын ынталандырып, тәбетті арттырады. Күштірек ішімдіктер (20% асатын) тұз қышқылы секрециясы мен пепсин белсенділігін күйзеліске ұшыратады. Спирттің күшті құнарлығы (40% және одан жоғары) кілегейлі қабаттарды зақымдайды, кілегейдің қорғаныс гиперсекрециясы мен қалтқы спазмын тудырады.
- Медицина тәжірибесінде этил спиртінің резорбтивтік әсері сирек қолданылады, әйтсе де оны көбіне түрлі дәрілік заттардың еріткіші ретінде жиі пайдаланады; 70 % құнарлығы антисептик ретінде және уытсыздандыру үшін қолданылына алады; кейде оны қызба жағдайда қолданылады, өйткені ол теріні сүрткілеп, уқалағанда суыну әсерін береді; керісінше компресс түріндегі спирттік қымтап ораулар қыздыру шара-әрекеті ретінде де қолданылады; спиртті бронх демікпесінің ұстамаларын шеттету барысында көбіктенуді басатын зат ретінде; ойылымдарды болдырмау үшін науқастың терісін сұрту түрінде қолданады. Созылмалы маскүнемдікте көп мән берілуі керек, себебі әлі күнге дейін осы кеселдің тиімді медикаментоздық шарасы жоқ деуге болады. Маскүнемдікті емдеу стационарларда өткізіледі. Басты мақсат этил спиртін тұтынуға жол бермеу, кері пікір қалыптастыру. Егер ем ерте кезеңдері басталса және адамның өзі алкогольдің қанша зиян, машақат әкелетінін түсінген болса алкогольге тәуелділік қайтымды деуге болады. Мұндай күйді өткерудің жалғыз сенімді жолы – науқасты өзінің ауыратындығына иландыру, одан әрі тұтыну тек зиянын тигізетініне сендіру. Психотерапия емнің негізі болып саналады, дегенмен оны міндетті түрде алкогольге деген жиіркеніш сезімін тудыратын дәрілік заттармен нығайтып, отыру керек. Алкогольге деген кері шартты рефлекссті ойластыру ертеден басталып келеді. Осы кезде медицинадағы жалғыз тиімді құстыру препараты орталық әсердегі дәрілік зат апоморфин қолданылған.

Қазіргі кезде маскүнемдікті емдеу үшін тетурам жиі қолданылады. Өзінің ағзада баяу жинақталуына байланысты, тетурамды науқастарға бірнеше күн береді. Әдетте, антабусты 500 мг әрекет етуші бастамадағы таблетка түрінде апта бойы күніне 1 реттен тағайындайды. Кейіннен күнделікті 250 мг препаратты қолдану түрінде сүйемелдеу терапиясын өткізеді. Сосын бірнеше аптадан соң науқасқа аздаған алкоголь беріледі, яғни тетурамды аздаған этил спирті мөлшерімен қоса береді. Бұл тетурамның әсер ету механизмі ацетальдегид деңгейінде этил спиртіні тотығуын ұстап, тежейтіндігімен байланыстырылатын әрекет. Осы арқылы тетурам алкогольдегидрогеназа ферментін баяулатады. Тетурамды қабылдау бейнесінде алкогольді тұтынғанда нәтижесінде ұлпаларда ацетальдегид жинақталатын болады, ол ұлпаларға өте жоғары уыттық әсерін тигізетін зат болып саналады. Ацетальдегид әсіресе тамырларға уытты, бұл тамырлардың салдануын тудырады, оның өзіне тән клиникалық белгілері болады. Науқаста 15-20 минут өткен соң "беті күрт қызарады", терісі қып-қызыл түске енеді, барлық тамырлары күрт кеңейеді. Артериалдық қысымы өте күрт төмендейді, тіптен коллапс орын алуы әбден ықтимал. Әлсіздік, тершендік, бас айналуы, бас ауыруы, есінен адасу, тахикардия, жүрек маңының ауырсынуы, лоқсу, құсыну белгілері байқалады. Осылайынша науқаста кері шартты рефлекс байқалады. Науқас емнен кейін тіптен аз алкогольдің өзін көтере алмайтынын сезінеді. Бұл алкогольден толығымен бас тартуына түрткі болады.

Ішімдіктің миға зияны



Зияны

Алкоголь — ол биологиялық у. Ол барлық органдарды зақым-дайды. Ағзаның жұқпалы ауруларға қарсы тұратын қабілетін бірден жойып жібереді. Мұның бәрі адамның мезгілсіз уақытта өліп кетуіне әкеп соғады. Ішкен арақты аш ішек тез арада сіңіріп, қанға бірден өткізеді. Қан алкогольді барлық денеге таратады. Ол ең алдымен мидың қызметін бұзады.



Ішімдіктің адам ағзасына келтіретін зияндары

Тамақ
Жүрек
Бауыр
Бүйрек
Жыныс мүшелері
Қан айналымы



Ми
Өкпе
Асқазан
Аш ішек
Буындар мен еттер

Алкоголизм себептері

Алкоголизм себептерінің ішіндегі әсіресс айтарлықтай тұрмыс-тұрқының сұрықсыздығы, экономикалық жайсыздық, әлеуметтік тұрақсыздық, психологиялық, биологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы, санитарлық-гигиеналық топшылық адам тұрмысының ауырлауы, кәсіби сәтсіздік, медициналық-физиологиялық қолайсыздықтар (тендік-тектік) физиологиялық-биохимиялық және экологиялық факторлар. Алкоголизмнің дамуының үрдісін Х.Қ.Сәтбаева және т.б. үш кезеңге бөледі.


Невростеникалық. Ағзалар мен нерв жүйелері қызметіне орасан зор басылмайтын физиологиялық өзгерістер пайда болады да, олар дами түседі. Ұйқы нашарлап кетеді. Ой жұмысына деген қабілет мүлдем жойылып кетеді. Бас ауырады, ашуланшақ мендеп алады. Не болса, соған ашулана береді.

Наркоманиялық алкогольдік психоз басталып, ол дами түседі. Спиртке тәуелділік пайда болады. Адам ішпесе тұра алмайтын жағдайға келеді. Тұрақты маскүнемдік кезге көріне бастайды.

Қорытынды немесе энцефалопатиялық. Ешқандай үзілісті білмейтін, салынып ішетін адамдар әбден маскүнемдік фазасын көшеді. Бүкіл ағза әлсірейді. Адам куш-қуатынан мүлдем айырылып қалады;

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының нормативі бойынша жан басына шаққанда алкогольдік ішімдіктерді 8 литрден көп пайдаланатын елдің генофонды деградацияға ұшырайды. Ал Қазақстанда жан басына шаққанда алкогольдік ішімдікті пайдалану көрсеткіші 12 литрді құрап отыр. Бұл көрсеткіш орыс ұлтының тағдырына алаңдап отырған Ресей еліндегіден 1,5 литрге артық екен. Дүниежүзілік сауда ұйымының тізімінде Ресей 22 -орында тұрса, Қазақстан бұл тізімнің алғашқы ондығына еніп, 8-орыннан көрініп отыр

Ішімдіктің ақыры...



Мамандардың пайымдауынша, шөл басу үшін күнделікті бір шөлмек сыра ішу – маскүнемдіктің алғашқы белгісі. Өйткені екі-үш рет сыра ішкен соң адам ағзасы оған тез үйреніп, оны қажет ете бастайды. Яғни адамда психологиялық тәуелділік синдромы пайда болады. Соның нәтижесінде адам «шөл басу үшін ішіп отырмын» деп, психологиялық тұрғыдан соған өз-өзін сендіреді. Ал, шындығында, адамда алкогольдік ішімдікке деген тәуелділік пайда бола бастайды. Одан әрі адам физикалық тәуелділікке бой алдырады. Яғни адам ағзасы енді сыраны қанағат тұтпай, араққа көшеді. Ал одан әрі адамның сырадан араққа өтіп, ертең-ақ маскүнемге айналмасына ешкім де кепілдік бере алмайды. Яғни алкогольдік ішімдік ішіп бастау мен маскүнемдіктің арасы бір-ақ қадам.



Қорытынды

Алкоголизм – медицина ұғымында спиртті ішімдіктерді салынып ішуден болатын ауру. Оның жедел және созылмалы түрі болады. Арақ асқазанда тез сіңіп, қанмен денеге тарап, ми жасушаларын уландырады да, адамның көңіл-күйін өзгертіп, ұстамсыз ұшқалақтыққа душар етеді. Маскүнем орынсыз сөйлейді, мақтанады. Орталық жүйке жүйесі улана келе маскүнем есінен танады, не істеп, не қойғанын білмейді. Мастық 5-6 сағаттан ұзамайды. Адамның ой-өрісі, сана-сезімі азғындап, күш-жігері төмендейді. Этил спирті (этил алкогольі, шарап спирті, этанол) өзіне тән спиртті иісі, күйдіруші дәмі бар мөлдір ұшқыш сұйық, тез тұтанады, жанады, кез келген қатынаста сумен, эфирмен, хлорформмен араласады. Маскүнемдікке шалдыққандардың 60-70 пайызының балалары алкогольге бейім болып туылады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші отбасындағы тәлім-тәрбиенің болашақ өмірге деген әсері мол. Әсіресе қыз баланың тәртібі ерекше бақылануы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Харкевич Д.А. Фармакология: Оқулық (қазақша аударма). Алматы, 2004.-

607 бет.

Харкевич Д.А. Фармакология: Учебник. Москва. Изд. дом «ГЭОТАР-МЕД». 2006.- 734 с.

Харкевич Д.А. Руководство к лабораторным занятиям по фармакологии., М.: Медицинское информационное агентство (МИА), 2004.-452с.



Назар
аударғандарыңызға
рахмет!!!

